

**Сабақтың тақырыбы:**

**Өмірбаян**

**Оқытушы: Мухамбеткалиева Г.Ш.**

# Сөздік

**Өмірбаян-автобиография**

**жеке қасиеттер** — личные качества

**ұйымдастырушылық және басқарушылық**

**қабілет** - организаторские и лидерские способности

**адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік** -

коммуникабельность

**алға қойған міндеттерге шығармашылық көзқарас** -

творческий подход к выполнению поставленных задач

**Өмірбаян.** Өмірбаян - жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылған ресми құжат. Өмірбаян әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Ол таза қағазға қолмен, кейде арнайы бланкке бірінші жақта жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және тағы басқа қосымша мәліметтер көрсетіледі.

# Автобиография

Это документ, в котором излагается биография (греч. **auto** – «сам», **bios** – «жизнь», **grapho** – «пишу»), или жизнеописание, человека (лица), написанное им самим.

Основные требования к написанию автобиографии:

1. Автобиография составляется в произвольной форме от первого лица и начинается словами: Я (фамилия, имя, отчество) родился ... (обязательно указываются полностью дата и место рождения);
2. указывается, какое получил образование, какие учебные заведения, где и когда окончил;
3. Указывается место работы в настоящее время, в какой должности работает;
4. Указываются семейное положение и адрес места жительства в настоящее время;
5. Иногда требуется указать сведения о родителях, жене (муже) и других ближайших родственниках: фамилию, имя, отчество, год и место рождения, адрес места проживания;
6. Дата в конце документа ставится слева, подпись – справа.

# Үлгі

# Өмірбаян

Мен, Айдын Ахметұлы Айдархан, 1975 жылғы қазанның 15-інде Павлодар қаласында, қызметкерлер отбасында дүниеге келдім.

Отбасымызда 5 адам бар. Әкем, Ахмет Досымханұлы Айдархан, Павлодар қаласының №1 қалалық емханасында дәрігер. Шешем, Ажар Омарқызы Айдархан, Павлодар қаласының №41 жалпы білім беру мектебінде тарих пәнінің мұғалімі.

1981 жылы Павлодар қаласының №12 орта мектебіне бардым. 1984 жылы №2 орта мектепке ауыстым. 1991 жылы осы мектепті бітіріп, сол жылы Павлодар индустриалдық институтының машинажасау факультетіне түстім. Институтты 1996 жылы машинажасау мамандығы бойынша бітірдім. 1996-1998 жылдары Алматы облысының Отар қаласындағы № 10007 әскери бөлімде әскери міндетімді атқардым, сержант атағым бар.

1998-2000 жылдары Павлодар трактор жасау заводында инженер болып жұмыс істедім. 2000-2002 жылдары «Қазақстан Алюминийі» АҚ-сында бағдарламашы болып жұмыс істедім. 2002 жылдан бері «Қазақстан Алюминийі» АҚ-сында инженер болып қызмет атқарудамын.

Үйленгенмін. Әйелім, Мөлдір Нұрғазықызы, «Жас дарын» мектебінде әдіскер болып жұмыс істейді. Ұлымыз, Қанат Айдынұлы, №101 балалар бақшасына барады.

Мекен-жайым: Павлодар қ., Естай к., 44-үй, 152-пәтер

00.00.0000.

қолы / тегі /

# Автобиография.

Я, Ларина Татьяна Леонидовна, родилась 14 февраля 1985 года в г. Сватово Луганской обл.

С 1992 по 2003 гг. училась в городской СШ № 7, которую закончила с отличием.

С 2003 г. - студентка социологического факультета Харьковского государственного университета, на 2-ом курсе которого и учусь.

На общественных началах являюсь главным редактором газеты факультета «Студенческий меридиан».

Семейное положение – не замужем.

Состав семьи:

Отец – Ларин Леонид Иванович, 1965 года рождения, инженер ЗТО г. Сватово;

Мать – Ларина Ирина Васильевна 1967 года рождения, бухгалтер МЭЗ г. Сватово;

Сестра – Ларина Карина Леонидовна, 1999 года рождения, дошкольница.

Дата

Подпись

# Тапсырмалар





# 1-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Өмірбаян қандай құжат ?
- Ол қандай жағдайда, нешінші жақта жазылады ?
- Өмірбаянды қайда жазады ?
- Өмірбаянда қандай мәліметтер жазылады ?

## 2 -жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

- 1. Сіздің аты – жөніңіз кім ?
- 2. Сіз қай жерде және қашан дүниеге келдіңіз ?
- 3. Сіздің отбасы жағдайыңыз қандай ?
- 4. Сіздің біліміңіз қандай ?
- 5. Сіз қайда оқыдыңыз, нені бітірдіңіз ?
- 6. Сіздің мамандығыңыз қандай ?
- 7. Сіз қайда жұмыс істедіңіз ?
- 8. Қазір қайда жұмыс істейсіз ?
- 9. Сіз қандай компьютер бағдарламаларын білесіз ?
- 10. Қай тілде еркін сөйлейсіз ?
- 11. Әскери қызметке міндеттісіз бе ?
- 12. Қандай әскери атағыңыз бар ?

### 3- жаттығу. Досыңыздың атынан өмірбаян жазыңыз.

Аты – жөні	
Туған жері, жылы, күні, айы	
Ұлты	
Білімі	
Отбасы жағдайы	Қызы- Ұлы -
Қосымша мәліметтер	
Мекенжайы	



# Үй тапсырмасы

Үлгі бойынша өз өмірбаяныңызды жазыңыз.